

**КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»  
тамақтану сапасы мониторингі жөніндегі комиссияның отырысының  
Хаттамасы №10**

**«27» қазан 2023 жыл**

**Қатысқандар:**

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.

Әдіскер – Сатпаева Д.К.

Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.

Балабақша медбикесі, диетбикесі – Есжанова М.С.

Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.

Қоймашы – Бердибаева М.Д.

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақшада қойманың азық-түлікті сақтауға дұрыс жабдықталуын және азық-түліктің дұрыс сақталуына қолайлы жағдай жасалғанын анықтау.
2. Педагогтар және тәрбиешілермен тамақты ұйымдастыру туралы түсіндіру жұмысын жүргізу

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша медбикесі Есжанова М.С. тыңдалды. Медбике сөзінде балабақшада қойманың азық-түлікті сақтауға дұрыс жабдықталуын және азық-түліктің дұрыс сақталуына қолайлы жағдай жасалынып отырғанын айтып өтті. Азық-түлік сақталатын қойма бар. Технологиялық құрал-жабдықтар мен тоназытқыштар толық жұмыс істейді. Барлық тоназытқыштар термометрлермен жабдықталған. Ұн, қант, макарон өнімдері, жарма өнімдері және т.б. жеке арнайы ыдыстарда сақталады. Профилактикалық жұмыстар барысында қызылша (корь) инфекцияға болдырмауға жол бермеуде санитарлық талаптар қатаң сақталады. Ғимаратқа кіре берісте адам қызуы тексеріледі, ол міндетті түрде сүзгіш журналына тіркеп отырылады. Таңертенгі балаларды қабылдау медбикемен тәрбиешінің балалардың дене қызуын тескеріп, сүзгіш (фильтр) журналына тіркеу арқылы жүргізіледі. Топтарда, ас блогында, балалар тамақтанатын асханада, балабақша ғимаратында дезинфекциялық құралдар арқылы аптасына 2 рет жаппай тазалау жүргізіледі. Балалардың тамақтанатын асханасында күнделікті сәулелендіру, желдету жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіледі. Балалардың тамақтану кестеге сәйкес ұйымдастырылады. Күнделікті ата-аналардың тамақты ұйымдастыру сапасына қатысып отырады, ұсыныс және пікірлері міндетті түрде журналға тіркеліп жазылып отырады.
2. Екінші сұрақ бойынша балабақша диетбикесі Есжанова М.С. сөз сөйледі. Сөзінде тағамдардың берілу мөлшері ас мәзіріндегі мөлшермен сәйкес келетіндігін атап өтті. «Түскі ас» тағамына берілетін негізгі азық-түліктердің мөлшерін тексеру барысында, сапасы, мөлшері талапқа сай екенін анықтадық. Тағамдардың берілу мөлшері түскі ас мәзіріндегі мөлшермен сәйкестігі анықталды. Балабақшада балалардың байланыстырылған тамақтануын ұйымдастыру, тағамды дайындау технологиясын ас мәзіріне қатаң сәйкестікте орындауда және сақтауда, мөлшерлер мен калориялылықты орындау жоғары деңгейде екені анықталды. Балабақшада тамақтануды ұйымдастыруды үнемі әкімшілік пен медбике, диетбике бақылап отырады.

**Шешімі:**

1. Балабақшада қойманың азық-түлікті сақтауға дұрыс жабдыкталуын және азық-түліктің дұрыс сақталуы қанағаттанарлық.
2. Педагогтар және тәрбиешілермен тамақты ұйымдастыру туралы түсіндіру жұмысы қанағаттанарлық.

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.  
Әдіскер – Сатпаева Д.К.  
Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.  
Балабақша медбикесі, диетбикесі – Есжанова М.С.  
Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.

*Handwritten signatures in blue ink.*

